Шығыс Қазақстан облысы ішкі мемлекеттік аудит

департаменті

«Ар-Иман» мүгедектердің қоғамдық қоры

Ақтөбе облысы,Мұғалжар ауданы,Ембі қаласы

Жұбанов көшесі,№159 үй.

тел:8(71334)90523,+7(771)1029531

э/а:ajmagambetov2013@mail.ru

РЕСМИ ШАҒЫМ

әлеуметтік тапсырыс бойынша біздің заңды құқықтарымыздың өрескел

түрде бұзылуына орай.

«Ар-Иман» мүгедектердің қоғамдық қоры Тапсырыс беруші-«Шығыс Қазақстан облсыс ішкі

саясат басқармасы» ММ-сі ұйымдастырған №6278605-1 конкурсыны,№45514187-ГС31 лоты

бойынша әлеуметтік конкурсқа қатысқанбыз.Біз конкурс қорытындысының хаттамасымен келіспейміз және төмендегі дәйекті себептерге орай:

БІРІНШІДЕН:біздің әлеуетті өнім беруші ретінде ұсынған жоба Тапсырыс берушінің талаптарына

толық сәйкес келеді,өйткені Тапсырыс берушінің талаптары:

«әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысу туралы шешім қабылдаған кезде және техникалық ерекшелікті әзірлеу кезінде қызметті көрсетудің ЖАЛПЫ шарттарын ескеруі тиіс.Ұсынылып отырған мәтінді толық көшіріп алуға және әлеуетті өнім беруші әзірлейтін техникалық ерек

-шелік мәтінінен енгізуге БОЛМАЙДЫ»;Осы талаптарға орай біз қызмет көрсетудің ЖАЛПЫ

шарттарын ескеріп өз іс-шараларымызды жасақтадық,демек бізге нақты-2(екі)балл тиесілі;

ЕКІНШІДЕН:қордың қызмет мақсаттары Тапсырыс берушінің қызметтеріне сәйкес келеді,атап айтқанда,Қордың Жарғысында біржақты айқындалған:

Мүгедектердің «Ар-Иман» қоғамдық қорының Жарғысына өзгертулер мен толықтырулардың мазмұны мен мәтіні(п.8- 27 желтоқсан 2018жыл):

«Сыбайлас жемқорлыққа байланысты жағымсыз көріністерді еңсеру бойынша қоғамдық іс-шаралар алу және ұйымдастыру,жастар арасында сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу іс-шараларын жүзеге асыру»;Әрине,сөз жоқ,бізге-2 (екі) балл тиесілі;

ҮШІНШІДЕН: Тапсырыс беруші бізге Тапсырыс берушінің қойған мақсаттарға қол жеткізу бой

-ынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспарына сәйкестігіне орай -3(үш балл) қойған,яғни біздің

іс-шаралар жоспарымыз конкурстық құжаттамада көзделген БАРЛЫҚ талаптарды қамтиды.

Дейтұрғанмен,біздің егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспарымыз қызмет көрсету САПАСЫН жақ-

-сартатын ҚОСЫМША іс-шараларды қамтиды,атап айтқанда:

1)ЖОО орындарында,колледждерде Таза сессия,Бізде сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ акция-

-сын ұйымдастыру және өткізу(іс- шаралар жоспары-7пункт);

2)жұртшылық арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін анықтау және сыб

-айлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілік бойынша әленуметтік зерттеулер (сауалнама) жүргізу (іс- шаралар жоспары-8пункт);

3)жұртшылықпен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында кездесулер өткізу,ақпа-

-раттық-түсіндірме жұмыстарын жүргізу (іс -шаралар жоспары-9пункт);

4)Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған мәдени –бұқаралық және спорттық іс-шаралар ұйымдастырру және өткізу (іс- шаралар жоспары-10пункт);

Демек бізге -3(үш)емес,негізінде-6(алты)балл заң шеңберінде тиесілі;

ТӨРТІНШІДЕН:біздің іс-шаралар жоспарымызда БАРЛЫҚ деңгейдегі сандық және сапалық ин-

-дикаторлар,оның ішінде салым,процесс,қасқа және ұзақ мерзімді нәтижелер қамтылған,сон-

дықтан бізге шын мәнінде -6(алты) балл тиесілі;

Жалпы бізге-11(он бір)емес, іс жүзінде -21(жиырма бір) балл тиесілі,яғни бізге –10(он) балл дұр

-ыс қойылмаған;

Біздің өрескел түрде бұзылған заңды мүдделеріміз бен құқықтарымызды қалпына келтіру мақсатында заң шеңберінде іс-шаралар алуыңызды сұраймыз.

Ықыласты ниетпен «Ар-Иман» мүгедектердің

қоғамдық қорының директоры: /С.Аймағамбетов/

Қарағанды қаласы.

Қазан айының «19»жұлдызы2021 жыл.